

**Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына жарылғыш материалдардың  
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 мамырдағы N 470 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сайн номенклатура мен санда 2003 жылғы 10 қантардағы N 7-ТИ-03 келісім-шарт бойынша "Химзауыт" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Тәжікстан Республикасы) үшін "Т.О.Р." (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) жабық акционерлік қоғамы беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі мен Қазақстан Республикасының Көлік жөне коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 21 мамырдағы

N 470 қаулысына

қосымша

**2003 жылғы 10 қантардағы N 7-ТИ-03 келісім-шарт бойынша "Химзауыт" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Тәжікстан Республикасы) үшін "Т.О.Р." (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) жабық акционерлік қоғамы беретін жарылғыш материалдардың номенклатурасы мен саны**

N р/с	Берілетін жарылғыш мате. риалдардың	СЭК ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны бір дана	0% ҚҚС-пен, бір дана үшін бағасы	Жалпы құны АҚШ долларымен
----------	---	----------------	------------------	------------------	--	---------------------------------

н о м е н к л а т у р а с ы  
м е н а т а у ы

А К Ш  
д о л л а р ы м е н

1	МЕМСТ 4117-78	360200000	тонна	400	1000	400000
			қ а б ы р ш ы қ т а л ғ а н			
			т р о т и л			

---

Шекаралық өту пункттері: Илецк-1 станциясы (Ресей Федерациясы)- Шенгелді  
станциясы (Қазақстан Республикасы)

Жөнелту пункті: (Чапаевск станциясы (Ресей Федерациясы)  
Белгіленген пункті: Исфара станциясы (Тәжікстан Республикасы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК